

Ресейдің Орталық Азиядағы геосаясаты

Орындаған: Кашкинбекова А.
Тексерген: Абеуова Ш.Қ
ХҚ 13027

- Жоспар:
- 1. Орталық Азия аймағының геосаяси маңыздылығы
- 2. Орталық Азиядағы Ресейдің саясаты мен ықпалы
- 3. Аймақтың геосаяси перспективалары
- 4. Қорытынды
- 5. Негізгі әдебиеттер

- “Орталық Азия” аймағы 5 посткеңестік азиялық республикалардан тұрады, ал географиялық жағынан аймақ кеңірек территорияны қамтиды.
- 1991 ж КСРО құлдырағаннан кейін бұлар әлемдік қауымдастыққа тәуелсіз, жас мемлекеттер ретінде кірді және бірқатар қиын геосаяси проблемалармен қақтығысты.



- Географиялық орналасуы тарихтың даму барысы мәдениеттің белгілі біртектілігі бұл аймақты біртұтас геосаяси құрылымға айналдырды сонымен қатар бұл аймақ екі ғасырдан бері аса Ресей ықпалы аймағына кірді және Қытай тарапынан күштеу әрекетін бастан кешірді.
- 1991 ж кейін Орталық Азия Ресейдің ықпал ету аймағынан алдыңғы қатарлы әлемдік державалардың геосаяси бәсекелестегі аймағына айналды.
- Әлемдік геосаяси тұрғыда Орталық Азия Кавказды қоса алғандағы Прикаспий аймағы (тұрақсыздық ошағы) деп аталатын аймаққа кіреді.

- Орталық Азия мұнай және газға, түрлі-түсті және сирек кездесетін металлдарға, алтынға, күміске уранға бай аймақ және әлемдік державалар бұларды иеленуге қызығушылық білдіруде.
- Аймақтың геосаяси ерекшеліктері көптеген проблемалар тудырады: әлемдік рынокта шектеулі шыға алатын жабық транспорттық аймақ және салыстырмалы аз дамыған коммуникация желісі. Аймақ елдері экономикалық тұрақтылыққа ұмтылуда алайда экономикалық және транспорттық қатынаста Ресейге тәуелді.



- Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың айтуынша: “Орталық Азия- шиеленісті аймақтардың бірі... келешекте қақтығыстар аймақ ішінде және айналасында тууы мүмкін соның ішінде территория, су және бай табиғи ресурстары үшін ”



- Орталық Азиядағы геосаяси жағдай 1991 ж кейін “үлкен ойын” деген атауға ие болды. Ол XIX ғ. Аяғында Ресей Ұлыбритания арасындағы аймаққа деген бәсекелестің жаңа тарихи жағдайының жалғасы еді.
- Осылайша 1991 ж кейінгі Орталық Азиядағы геосаяси жағдайдың даму ерекшеліктерін және келешегін зерттеу өзектілігі анық.



КАСПИЙ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

- Орта Азиядағы геосаяси жағдайдағы толығымен түсіну үшін Каспий теңізінің мәселесін қарастырған жөн. Мұнай факторі тек аймақтың геосаяси жағдайын анықтап қана қоймай, сонымен қатар бүкіл әлемге әсер етеді.
- 1991 ж. Кейін Каспий маңайындағы мемлекеттер бірнеше қиындықтарға тап болды. Әр мемлекет теңіз бөлігіне құқығын білдірді, солайша әлі де шешілмеген мәселелер қозғалды.



Орталық Азиядағы Ресейдің саясаты және Ықпалы



21 ғ. Тұрғысында Ресей үшін аймақтағы геосаяси жағдай айтарлықтай қиындағаны шындық. Ресей бұрын доминион болған оңтүстік бағыттағы стратегиялық аймағынан айырылуда, ал АҚШ және оның партнерлері керісінше зонаны стратегиялық қызығушылықтарына пайдаланып өзінің геосаяси беделдігін арттыруда. Бұл дегеніміз тек қана экономикалық емес сонымен қатар саяси әскери-стратегиялық қызығушылықтардың қақтығыстарына алып келеді. Ресей бұл қақтығыстарға дайын болу керек. Мықты жабдықталған таулы массивтермен қорғалған шекараларынан айырылғаннан кейін, оңтүстік келген қысымның өршігуі нәтижесінде жаңа қиындықтармен кездесті.




- 1990 ж ортасында Ресей үкіметі саналы түрде Орталық Азия мемлекеттерін жіберіп алғанын атап айту керек. Ресейлік кейбір саяси топтар үкіметті бұл аймақтан тез арада кетуді сендіруге тырысты. Экономикалық жағынан бұл аймаққа инвестиция салу тиімсіз және кету Ресейдің оңтүстік шекарасын ауған халқынан сақтау болып тапты.
- 1991-1995 жж аралығында Орталық Азия Республикаларындағы Ресей авторитетінің төмендеуіне қарамастан аймақта айтарлықтай ықпалын сақтап білді.

- Шын мәнінде посткеңес мемлекеттеріне Ресей “жаңа геосаяси және геоэкономикалық координаттар жүйесінің орталығы болған және болады”.
- ҚР-ның Президенті Н.Назарбаевтың айтуы бойынша “посткеңес мемлекеттердің ішінде ең ірі және мықты мемлекет Ресей болып табылады және оның шешімі әлемдегі әсіресе Еуразиядағы тұрақтылықты айқындайды”.



- Ресей де сонымен қатар өз сыртқы саясатының ортаазиялық бағытына көп көңіл бөлді. РФ-ның сыртқы саяси концепциясында ТМД қатысушы мемлекеттерімен көп жақты және бір жақты қатынастармен қамтамасыз ету негізгі бағыт болып табылады.



- Ресейдің аймақтағы ықпалына бірқатар объективті факторлар жатады географиялық орналасуы және тарихи жақындық, экономикалық қатынастарының тығыздығы және орыс ұлтының көп бөлігі осы мемлекеттерде қоныстанған әсіресе Қазақстанда қоныстаған орыс диаспорасы кең көлемде шоғырланған.



- Экономикалық фактор да басым ықпал білдіреді, себебі аймақ мемлекеттері әлі күнге дейін Ресеймен көптеген негізгі экономикалық бағыттарда байланысты. 1998 ж Ресей импортының:
 - Қазақстанға 68%
 - Өзбекстанға 58%
 - Қырғызтанға 51%
 - Тәжікстан мен Түркменстанға 48% құрайды.



- Орталық азиядағы Ресей қызығушылықтарын “*позитивті*” және “*негативті*” деп 2 топқа бөлуге болады. “Позитивтегі” Ресейдің геосаяси ұстанымдарын күшейтуіне негізгі септігін тигізіп, белгілі экономикалық пайдалар алып келуі мүмкін. “Негативтегі” қауіптер мен қысымдар жатады.





- Аймақта саяси экономикалық жағынан бір жақты болмағандықтан ал мемлекеттегі әр түрлі геосаяси ұстанымында болуының себебінен және кейбіреулері антиресейлік саясатын жүргізу нәтижесінен Ресей тарапының саясаты да әр мемлекетке әр түрлі қалыптасқан. Сонымен қатар мемлекеттердің өздері де геосаясаттың өзгеруіне байланысты өздерінің Ресейге қатынасын өзгеріп тұрады.

- Мәскеу аймақтағы өз әсерін күшейту мақсатында Өзбекстанмен тығыз қарым-қатынастың дамуына қызығушылығын білдірді. 1991-98 жж орыс-өзбек қатынастары бірқалыпты дамымады. Қарым-қатынастың қалыптасуының алғашқы кезеңінде кейбір “салқындық” болды.
- 1993 ж бастап Мәскеу мен Ташкент арасындағы саяси, экономикалық және әскериынтымақтастық әрдайым өсіп отырды. Әсіресе Ауғаньстан оқиға айналасында және елдегі адам құқықтарын бұзуға қатысты Вашингтонның күннен күнге күшейген сыны себеп болды.



- Ресейдің ерекше сыртқы саяси белсенділігінің өзге бағыты-тәжік жанжалын шешу. Ресейдің әскери қатысуымен және Ресейдің сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық тырысуы арқасында үкіметпен Біріккен тәжік оппозициясы арасында бейбіт келісімге қол қойылды. Сол жылдары негізгі мақсаты аймақтық тұтастықты сақтау мен бейбітшілікке жету болған әлсіз мемлекеттерді пайдалану арқылы Ресей аймақтағы өз мүдделерін нығайту үшін барынша иемденді.



- Қазақстанның сыртқы саясатының басты бағыттарының бірі Ресеймен қарым-қатынас болып табылады. Бұл мемлекетпен біздің ел көп жылдар бойы тығыз қарым-қатынаста болып келеді. Өзара бөлісіп жатқан мемлекеттік шекараның ұзындығының өзі 7591 шақырымға созылып жатыр. Мемлекетаралық достастық екі бірдей президенттің және екі ел халқының өзара тығыз байланысы арқасында дамып отыр. Қазақстан мен Ресей арасында отын-энергетикалық кешен, көлік және коммуникация, әскери-техникалық және қорғаныс өнеркәсібі салалары бойынша байланыс орныққан.



- Қазақстан-Ресей қарым-қатынасының біртұтас спектрі көптеген екі жақты құжаттар және келісімдермен реттелуде. Екі жақты қарым-қатынаспен қоса екі бірдей мемлекет аймақтағы әскери-саяси және экономикалық сипаттағы көптеген аймақтық ұйымдар шеңберінде өзара белсенді әрекеттесуде. Сөз тиегі болып отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық Экономикалық Қауымдастығы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы және Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім Ұйымдары. 2012 жылы Қазақстан мен Ресей өзара дипломатиялық қарым-қатынас құрғанының 20 жылдығын атап өтеді



- Негізгі әдебиеттер:
- 1.Бжезинский З. Международные отношения 1998
- 2.Токаев К. Под стягом независимости. Очерки о внешней политик Казахстана.-Алматы 1997
- 3. kk.wikipedia.org
- 4. Акимбеков С.